Товарищество с ограниченной ответственностью

«Нұрболат»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БИН 070540013468, ИИК № KZ416010231000036451 в АО «Народный Банк Казахстана», БИК HSBKKZKX
Мангистауский район, с. Шетпе, мкр. «Курылысшы», здания нотариуса

Шығ.№_13/19_
23.03.2019 ж.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
төрағасы А.Қ. Ахметовке

Ұйымдастырушы: "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі Конкурстың №: 3049451-1, Конкурстың атауы ҚР Ішкі істер министірлігі Төтенше жағдайлар комитеті Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық -құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» ММ үшін ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізді.

Осы конкурс бойынша "Нұрболат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ЖШС) мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысқан еді, алайда конкурс комиссиясы серіктестік құжаттары толық бола тұра жұмыс өтілі бойынша балды толық есептемеді.

"Нұрболат" ЖШС-гі тікелей жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша да, қосымша мердігер болып жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша да, **Объектіні пайдалануға қабылдау актілерін, жасалған жұмыстардың актілерін, құрылыс категориясын (жауапкершілік деңгейін) анықтау үшін мемлекеттік және жеке сараптама қорытындыларын, түсіндірме жазбаларды (пояснительная записка)** құжаттарды толыққанды ұсынған болатын. **"Нұрболат" ЖШС-нің барлық жасаған құрылыс-монтаж жұмыстарының жауапкершілік деңгейі II-санатты, өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттарға кіреді**.

Конкурстық комиссия "Нұрболат" ЖШС-нің жұмыс өтілі бойынша балдарын дұрыс есептемеген: тікелей жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша 7,6 балл, қосымша мердігер болып жасаған құрылыс-монтаж жұмыстарын қосып есепке алғанда 10 балл, ИСО және Экологиялық менеджменті бойынша -3 балл, барлығы 13 балл беру керек еді. "Нұрболат" ЖШС-нің қосымша мердігер болып жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынсақта, конкурстық комиссия жұмыс өтілін есептемей отыр.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген өзгеріске сәйкес қағидада:

"Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация **ұсынады**.

Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады-деп көрсетілген. "Нұрболат" ЖШС-гі қосымша мердігер болып ұсынған жұмыстардың қабылдау актілері 3 (үш) дәне 2001 жылғы қабылдау акті үлгісімен толтырылған, яғни 2001 жылғы үлгі бойынша сәйкестік декларациясы болған емес. Сондықтанда "Нұрболат" ЖШС-гі қосымша мердігер болып жасаған жұмыстар бойынша сәйкестік декларациясын ұсына алмайды, ұсыну қажет емес. Сәйкестік декларациясы деген ұғым_Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен 2017 жылы бекітілген.

Құрметті Азамат Қуатұлы, Сізден, "Нұрболат" ЖШС-нің тікелей жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша және қосымша мердігер болып жасаған құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша да жұмыс өтілі бойынша балдарды толық есептеп, қорытынды хаттаманы қайта жасақтауды (пересмотр итогов) сұраймын.

Құрметпен
"Нұрболат" ЖШС-гі директоры **Нурбосинов Н.О.**